

"Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 4 сәуірдегі № 629 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) бекітілсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) Ереженің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қостанай қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 07 сәуірдегі № 791 "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысының және Қостанай қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 1613 "Қостанай қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 07 сәуірдегі № 791 "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысының күштері жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай қаласының әкімі

М. Жүндібаев

Қостанай қаласы әкімдігінің

2022 жылғы "4" сәуірдегі

№ 629 қаулысымен

бекітілген

"Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Сәулет және қала құрылысы бөлімі) сәулет және қала құрылыс саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Сәулет және қала құрылысы бөлімінің ведомстволары жоқ.

3. Сәулет және қала құрылысы бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Сәулет және қала құрылысы бөлімі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік тілде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Сәулет және қала құрылысы бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Сәулет және қала құрылысы бөлімі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Сәулет және қала құрылысы бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Сәулет және қала құрылысы бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Алтынсарин көшесі, 128.

10. Осы Ереже Сәулет және қала құрылысы бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Сәулет және қала құрылысы бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

12. Сәулет және қала құрылысы бөліміне кәсіпкерлік субъектілерімен Сәулет және қала құрылысы бөлімінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Сәулет және қала құрылысы бөліміне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан

Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

Қала аумағында сәулет және қала құрылысы саласында мемлекеттік саясатты жүргізу, өз құзыреті шегінде қала аумағында сәулет және қала құрылысы қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

- қала кәсіпорындарының, ұйымдарының, қоғамдық құралымдарының мамандарын тексеру және сараптама жүргізу, конкурстық комиссияларға қатысу үшін олардың басшыларының келісімі бойынша тартуға;

- өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде энергетика, құрылыс, құрылыс индустриясы объектілері мен кәсіпорындарына, жол, су және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілеріне баруға;

- Сәулет және қала құрылысы бөлімінің қарауына жататын мәселелер бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен қызметтік хат алмасуды жүргізу;

- атқарушы органдардан Сәулет және қала құрылысы бөлімінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, ақпаратты сұрату және алу;

- Сәулет және қала құрылысы бөлімінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша сотқа талап-арыз беру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2) Міндеттері:

- қала әкімінің және қалалық мәслихаттың қарауына Сәулет және қала құрылысы бөлімінің құзыретіне жататын мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар енгізу;

- мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы тұтынушылардың ақпараттандырылуын қамтамасыз ету;

- көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары мен ұсыныстарын қарау;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) Қаланың заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарын, заңнамада белгіленген тәртіппен қаланың ықпал ететін аймаққа жатқызылған іргелес жатқан аумақтарда қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын) іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

2) қаланың бас жоспарының жобасын, қала шегі мен қала маңы аймағының және жобаларының әзірлеуін ұйымдастыру және мәслихатының мақұлдауына ұсыну;

3) жоспарланған құрылыс салу не өзге де қала құрылысы өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

4) қала және қала маңы аймағының қала құрылысы жобаларын, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобаларын бекіту және іске асыру;

5) ведомстволық бағынысты аумақта құрылыс салуға немесе өзге де қала құрылысын игеруге арналған жер учаскелерін таңдау, беру, алу заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қажеттер үшін алып қою жөнінде шешімдер қабылдау;

6) құрылыстарды, үйлерді, ғимараттарды, инженерлік және көліктік коммуникацияларды салу (кеңейту, техникалық қайта жарактандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу) туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру мен көгалдандыру, құрылысты (объектіні) консервациялау, жергілікті маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;

7) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен жүргізу;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік қызметтерді көрсету;

9) Қостанай қаласында сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, Қостанай қаласының аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыру туралы хабарламаларды "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қабылдау және қарау;

10) Жарнама туралы Қазақстан Республикасы Заңының сақталуына мемлекеттік бақылауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;

11) хабарламасыз орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама, және ғимараттың (құрылымның) меншік иелерінің келісімінсіз орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін, тұрғын үйлерде (тұрғын ғимаратта) тұрғын және тұрғын емес жайлардың меншік иелерінің немесе кондоминиум объектісін басқару органының, ғимаратқа (құрылымға) өзге мүліктік құқығы бар тұлғалардың келісімінсіз орналастырылған жарнама объектілерін анықтау;

12) Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Жарнама туралы Қазақстан Республикасының заң бұзушылықтарын жою туралы ұйғарымды орындау үшін міндетемелерді енгізу;

13) Қостанай қаласында сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, Қостанай қаласының аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде нақты орналасқан

жарнаманы, оның орналасуы жөнінде міндетті түрде бір рет суретке түсіру немесе видео, жарнама таратушының атауы және орналасу фактісін анықтаған күнді көрсету арқылы анықтау;

14) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында Қазақстан Республикасының Жарнама туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік және профилактикалық бақылауды жүзеге асыру.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Сәулет және қала құрылысы бөлімін басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Сәулет және қала құрылысы бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Сәулет және қала құрылысы бөлімінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Сәулет және қала құрылысы бөлімінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

19. Сәулет және қала құрылысы бөлімінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Сәулет және қала құрылысы бөлімінің мүдделерін ұсынады;

2) заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік етеді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) қаржылық құжаттарға бірінші қол қоюға құқылы;

6) Сәулет және қала құрылысы бөлімі қызметкерлерінің іссапарлары, тағлымдамалары, қызметкерлерді оқу орталықтарда оқыту және өзге де біліктілігін арттыру түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

7) Сәулет және қала құрылысы бөлімінің барлық қызметкерлері үшін міндетті тапсырмалар береді және бұйрықтар шығарады;

8) Сәулет және қала құрылысы бөлімінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және шығарады;

9) Сәулет және қала құрылысы бөлімінің қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады.

Сәулет және қала құрылысы бөлімінің бірінші басшы болмаған кезеңде оның өкілеттіліктерін, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Сәулет және қала құрылысы бөлімі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында жеке меншік мүлікке ие болуы мүмкін.

Сәулет және қала құрылысы бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлкі, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Сәулет және қала құрылысы бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, сәулет және қала құрылысы бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Сәулет және қала құрылысы бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.